

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«ЗАМАНАУИ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ  
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТҮЛЕКТІҢ  
ҚҰЗЫРЕНТТІК ҮЛГІСІ»**

атты XLIII ғылыми-әдістемелік конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қаңтар 2013 ж.

1-кітап



1

**МАТЕРИАЛЫ**  
XLIII научно-методической конференции  
**«КОМПЕТЕНТНОСТНАЯ МОДЕЛЬ  
ВЫПУСКНИКА В СИСТЕМЕ  
СОВРЕМЕННОГО НЕПРЕРЫВНОГО  
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ»**

17-18 января 2013 г.

**Книга 1**

Алматы 2013

в процессе образования как системные новообразования. Что касается результата образования, то «компетенции» выступают как интегрированные характеристики качества образования и подготовки выпускников, т.е. компетентность-компетенция рассматриваются нами в единстве, отражающем отношение «потенциального целого» и «актуализируемого частного». Компетентность как цель и результат процесса обучения есть готовность и способность личности реализовать свою образованность в условиях практической деятельности.

#### Литература

- 1 Дж. Равен. Series “Advances in Discourse Processes”. Ed. By R. O. Freedle, New Jersey; Sinclair J., Coulthard R. Towards in Analysis of Discourse. – L., 1975.
- 2 Селезнева О. Коммуникативная компетенция. – М., 1998.
- 3 Лебедева О.Е. Компетентносный подход в образовании // Школьные технологии. – 2004. - №5.
- 5 Дружилов А.П. Компетенции и компетентность // Педагогика. – 2005. - №1.
- 6 Селевко Г.К. Педагогические компетенции и компетентность // Сельская школа. – 2004.-№3.

**М.К. Самалдықов, С.М. Эпенов**

### **ТЕСТИЛЕУ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫң ОСЫ ЗАМАНҒЫ БАҒЫТТАРЫНЫң БІРІ РЕТИНДЕ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ОНЫ ЖЕТИЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Тестілеу жоғары оку орындарындағы оку процесі технологиялары бағыттарының бірі ретінде (әсіресе электронды форматта) қысқа уақыттардың ішінде қандай да бір сабак түрі бойынша студенттердің білімін тексеріп қоймай, сонымен катар топтың немесе бөлімнің, мұнымен катар қазақ және орыс бөлімдерінде оқытын топтардың осы пәнді менгеру дәрежесін салыстыруға мүмкіндік береді. Сондықтан біздің көзқарасымызша, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әкімшілігінің 2012-2013 оку жылдары оку процесіне компьютерлік тестілеуді енгізіуге көніл болуі барынша мақтауға тұрарлық. Жеке бөлімше ретінде тестілеу орталығын құра отырып, жоғары оку орнынен жетекшілігі ҚР БФМ қазіргі талаптарынан шыға отырып, білім сапасы саласындағы объективті, сенімді және салыстырмалы мәліметтерді алу міндеттін іске асыруға ұмтылысын іс жүзінде көрсете білді. Осыған байланысты окуды бақылаудың дәстүрлі түрлерімен қатар, жоғары білімді практикада қолдану, педагогикалық диагностиканың барынша объективті және технологиялы әдістері жөнінде мәселе заңды түрде туындаиды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қорытынды аттестациялауға дайындық барысында компьютерлік тестілеу практикасын зерттеу және бітіруші студенттерді тестілеудің барысында нәтижесі жаман болмай анықталған аттестацияның өзінің нәтижесі, бізге жинақталған тәжірибелі қорытуға және бакалаврларды мамандыққа дайындау мазмұнына, мақсатына сай компьютерлік тестілеуді жүргізуға және тиімді ұйымдастыру жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді. Себебі біздер оқытатын «ҚР қылмыстық құқығы» пәні студенттерді қорытынды аттестациялауға енгізілген пәндердің бірі болған, халықаралық қатынастар факультеттің халықаралық құқық кафедрасының оқытушылары болып табылады, сондықтан әрине, біздің сөзіміз аталған пән бойынша тестілеудің ерекшелігі және оны жетілдірудің жолдары туралы болады. Бірақ бұл біздер келтіретін ұсыныстар мен ескертпелер, басқа пәндердің оқытушыларына қатысты болып саналмайды дегенді мүлдем білдірмейді.

Жоғарыда айтқанымыздай, ҚР БФМ мемлекеттік аттестациясы, ал кейбір жақтары бойынша Әл-Фараби атындағы ҚАЗ ҰУ бөлімшелерінің, оның ішінде халықаралық қатынастар факультеттінің ҚР БФМ біліктілік талаптарына сәйкестігін көрсетті және мұнан бұрынғы аттестациялардың нәтижелерін растады. Бұл арада факультет мұғалімдерінің, оның ішінде ең алдымен бітіруші студенттерді мемлекеттік аттестациялауға пәндері шығарылған оқытушылардың, сонымен катар куратор-әдвайзерлердің сибігі зор. Халықаралық қатынастар факультеттің бітірушілерді алда тұрган кешенді тестілеудің барлық маңыздылығын түсіне отырып, факультеттің профессор-оқытушылар құрамымен бірнеше ай бойы студенттерді алда тұрган тестілеуге дайындықтар тек кеңес беру түрінде ғана емес, сонымен бірге онлайн тестілеу, оның ішінде мемлекеттік аттестация құрамына жататын «ҚР қылмыстық құқығы» бойынша да жүргізілді. Маман мұғалімдердің кеңес жүргізуі және

оқытушылардың пәндер бойынша дайындаған тестілері арқылы алдын ала сынақ тестілеу жүргізуі, күннен күнге студенттердің көрсеткіштері арта отырып, орташа 72 % балдан жоғары жинағандығы кешенді тестілеуден, оның ішінде қылмыстық құқық бойынша да жақсы етегіндігіне үміт пайда болдырды. Мұнымен қатар қылмыстық құқық бойынша халықаралық құқық кафедрасы оқытушылармен дайындалған тест сұрақтары 2010 жылғы үлгілік бағдарламаның ережелерін сақтаған. ҚР қылмыстық құқығы бойынша біздердің дайындаған үлгілік бағдарлама ҚР білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 157 «Эксперименталдық бағдарламаны енгізу бойынша жоғары оқу орындарында экспериментті жүргізу туралы» Бұйрығына сәйкес эксперименталды білім беру бағдарламасы негізінде дайындалғандығын ескеру керек.<sup>2</sup>

Қылмыстық құқық бойынша үлгілік бағдарламаны дайындаушылар, яғни осы баяндаманың авторлары Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Жалпы болімін менгеруге назар аударған. Онда шет елдердің де қылмыстық заңдарының негізгі ережелері қамтылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық құқығының Ерекше боліміне қатысты біздің пікіріміз бойынша халықаралық құқық мамандығымен бітірушілерге белгіленген жоспар бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 1-12, 14-16 тарауларындағы қылмыстарды толық және жан-жақты қарастыруы қажет емес. Бұған қажеттілік жоқ. Оның үстіне халықаралық қатынастар факультетіндегі З кредит көлемінде ҚР қылмыстық құқығын оқуға бөлінген бір семестр, мұндай жан-жақты, толық дайындық жүргізу мүмкіндік бермейді. Оқу бітіруші ҚР ҚК Жалпы болімінің ережелерін жақсы біле отырып, кейінгі уақыттарда ҚР ҚК Ерекше болімінің нормаларын өз бетінше менгер алады. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, ҚР ҚК Ерекше болімінен оқу жоспарына тек қылмыстық квалификациялаудың жалпы ережелеріне қатысты сұрақтар және сонымен бірге ҚР ҚК 13 тарауында қарастырылған сыйбайлас жемқорлық сипаттағы қылмыстардың құқықтық сипаттамасы қамтылған. Бұл біздің студенттерді оқытудағы қағидалы ұстанымымыз. Себебі біздің студенттеріміз жоғарғы оқу орынин бітіргеннен кейін өз қызметтіңің бағыты бойынша мемлекеттік күрылымдарда жұмыс істей жүріп, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы отандық заңдарды және осы бағыттағы қылмыстық заңды қatal сақтауы керек. Сондықтан оқу бітірушілер дайындалған кешенді тестілеуге арналған тест сұрақтарында ҚР ҚК Жалпы болімі нормаларын білуге және қабылдауға баса көңіл бөлінген.

Осылан қарамай, ҚР БФМ ұсынған тест сұрақтары бойынша (5-7 қарашалар 2012 ж.) алдын ала кешенді тестілеу көнілден шықпайды. Студенттердің В 3 блок (қылмыстық құқық) бойынша алған нәтижесі бар болғаны 20,5% құрады. Мұның себептеріне көніл аударсақ, ол екінші курста оқыған қылмыстық құқық пәні бойынша алған білімнің таяздығынан және ұмыта бастағандығынан емес, объективтік сипаттағы себептер болып табылады. Оқу кезінде олар «ҚР қылмыстық құқығы» пәні бойынша тестілеуден мұлдем өткен де емес.

Басқа себептері келесідей. Алдын ала тестілеу сұрақтарымен танысу барысында қылмыстық құқық бойынша З блоктағы сұрақтар халықаралық құқық мамандығына емес, «Заңтану» мамандығына сай келеттіндігі анықталды. Сонымен қатар мұның дәлелі НЦГОСТ тест сұрақтары бойынша алдын ала тестілеудің қорытындысы да бола алады, ол бойынша заң факультетінің бітіруші курс студенттері В 3 блогы бойынша 67,3% алған. Бұл көрсеткіш халықаралық қатынастар факультетіндегі халықаралық құқық болімі студенттерінің осы блок бойынша жинаған балдарынан анағұрлым жоғары. Біздің тексеруіміз бойынша НЦГОСТ ұсынған тестілерде негізінен көніл қылмыстық құқықтың Ерекше болімі нормаларының ережелеріне берілгендейді, ал қылмыстық құқықтың Жалпы боліміне қатысты сұрақтар шамамен 10% құрайтындығын көрсетті. Мұнымен қатар қойылып отырған сұрақтарда және олардың жауаптарында бірқатар кемшіліктер кездеседі. Мысалы 1 сұрақта «Ерекше болімнің нормаларында тиым салынған:...» деп сұрақ қойылып, екі дұрыс жауапты келтіреді: «A) зацмен қылмыс деп тиым салынған нақты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер; D) зацмен қылмысты іс-әрекеттер деп тиым салынған нақты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер, оларды жасағпандығы үшін жазалардың түрі мен көлемі». Мұндай анықсыздық төмен бал алуға соқтырады.

Біздің бұл келтіріп отырған мысалымыз жабық тест тапсырмаларын дайындау кезінде дайын жауаптардың ішінде міндетті түрде бір дұрыс жауап болуы керектігіне байланысты қателіктер жіберілгендейдін білдіреді. Сол сияқты 29 сұрақта «**қоғамдық адамгершілікке қарсы қылмыстарға жатпайды**» деп сұрақ қойылып, жауаптардың ішінде дұрыс жауапты келтірмеген. Жауаптардың нұсқалары ретінде келесілер көрсетілген: «A) қатігездікпен зорлық-зомбылықты насихаттайтын шығармаларды заңсыз тарату (ҚР ҚК 274 бабы); Б) жезокшелікпен айналысуга тарту және айналыстыру(ҚР ҚК 270 бабы); С) дәрілік немесе басқа құралдарды пайдаланыпесеңгірету

<sup>2</sup> Источник: [news.kz/Rus/post/67156](http://news.kz/Rus/post/67156)

үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстau (КР ҚҚ 272 бабы); D) жануарларға қатігездік жасау (КР ҚҚ 276 бабы); өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау (КР ҚҚ 275 бабы)». Бұл мысалда да тест сұрақтарын құрастырушылар тарапынан әрбір жабық тест тапсырмасында берілген жауап нұсқаларының ішіде бір дұрыс жауап болуы керектігі туралы ереже талабы дөрекі түрде бұзылған. Мұндай жағдайларда студенттер не істеу керек? Беріліп отырған тестінің әдепсіздігі салдарынан онлайн тестілеу кезінде орыс бөлімінде оқытын бакалавриат студенттерді тестілеу нәтижесінде теріс жағынан көрінді.

КР қылмыстық құқығы бойынша мемлекеттік тілде ұсынылған тестілерде де өзіндік ерекшеліктені бар елеулі кемшіліктер кездесті. Оларды көрсетейік. Біріншіден, қазақ тілінде беріліп отырған тестілердің мазмұны орыс тілінде оқытындарға арналған тест тапсырмаларымен сәйкес келмейді. Мұнымен қатар келесідей жағдайлар коңіл аудартады. Бұл тестілер орыс тілінде оқытындарға арналған тестіге қарағанда анағұрлым құрделі дайындалған. Екіншіден, ұсынылған нұсқалардан дұрыс жауапты анықтау тұрғысынан алғанда, дұрыс құрастырылмаған тестілер кездеседі. Мысалы 5 сұрақта «Мемлекетке опасызыңық» қылмысының белгілерін анықтау көрсетілген. Бұл сұрақ бойынша ұсынылып отырған жауаптардың барлығы да дұрыс, бұл жағдай тест сұрақтарының әдепсіздігін ғана емес, сонымен бірге тестілердің сауатсыз құрастырылғандығын көрсетеді. Үшіншіден, тест тапсырмаларында «халықаралық құқық» мамандығы бойынша оқып жатырған студенттерге қоюға болмайтын сұрақтар кездеседі. Мұның дәлелі ретінде 17 сұрақты келтіруге болады. Бұл сияқты сұрақтарда қылмыстық құқық Ерекше бөлімі баптарының санкциялары туралы, ал кей жағдайларда ерекше ауырлататын қылмыс құрамдарының санкцияларымен байланысты сұрақтар қойылған.

Біздің оймызша мұндай сұрақтарды қою ақылға сыймайды, себебі тіпті заң факультеттерінде де қылмыстық құқық бойынша сабактарда КР Қылмыстық кодексі Ерекше бөлімінің баптарының санкцияларына барлық кездерде көңіл аударылмайды. Оның үстіне көшілігі жас болып саналатын және құқық қорғау органдарында практикалық жұмыс тәжірбесі жоқ көптеген мұғалімдер, тіпті аталған органдарындағы практика қызметкерлері де белгілі бір қылмыстар үшін жазаның түрі мен шамасын жатқа біле бермейді. Төртіншіден, мемлекеттік тілде дайындалған тестілердің мазмұнына қарай отырып, оның орыс тілінен тікелей аударылғандығын байқауға болады және осы негізде әр тілдің өз ерекшелігіне байланысты қазақша мәтіндегі тест сұрақтарының және оның жауаптарының оқылуы мен құрастырылуында кемшіліктер жиі кездеседі. Мысалы орыс тілінде **объектом кражы является**: деп қос нұкте қойып, жауап нұсқаларын келтіруге болады және бұл орыс тілінде дұрыс құрастырылған болып саналады. Ал қазақ тілінде **ұрлықтың объектісі болып тибылады**: деп қос нұкте қойып сұрақ қою, қазақ тілінде сөйлемнің дұрыс құрастырылмағандығын білдіреді. Себебі қазақ тілінде сөйлем бұлай айттылмайды. Сондықтан мұндай жағдайларда әр тілдегі сөйлемнің құрастырылу ерекшелігін ескеріп «ұрлықтың объектісін анықтаңыз» немесе «ұрлық қылмысының объектісі не болады?» деген сұрақтар қою керек.

Осы сияқты кемшіліктерді жою мақсатында алдымен КР қылмыстық құқығы бойынша мемлекеттік тілде тест тапсырмаларын құрастыру барысында ұсынылып отырған жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауапты барынша түсінікті көрсетуге тырысу керек. Мұндай ұсыныстың себебі, ол қойылып отырған сұрақтың жауабын адам анық біліп отыrsa, онда ол адам дұрыс жауапты да оңай таба алатындей болуы керек. КР БФМ ұсынған тест тапсырмаларында мазмұны бойынша ұқсас, бір-біріне жақын жауаптар кездеседі. Бұл туралы дәлел ретінде қылмыстық құқықтың Ерекше бөлімі нормаларының диспозитивтік белгілеріне қатысты сұрақтар қоятын 21, 22, 23 тест тапсырмаларын келтіруге болады. Мұндай тестілердің оқу бітіруші тестіленушілердің апелляциялық шағымдарының және ата-аналарының наразылығының түсініне жағдай жасайтындығы жасырын емес. Ал мұндай жағдайларда, студенттердің тәмен балл алған жағдайларында факультет жетекшілері және осы пән бойынша сабак жүргізетін оқытушылар не істеуі керек? Осы пән бойынша оқытушылардың жұмыстарына әкімшілік тарапынан қандай да бір, мұндай жағдайда әдетте тәмен баға берілетіндігі күмәнсіз. Сондықтан біз тестілеу орталығының жетекшілігін, сонымен қатар жоғарғы оқу орнының ДАВ оқу процесін, оқу бітірушілерді кешенді тестілеу барысында біздердің анықтаған кемшіліктерге назар аударуын сұраймыз. Бұл біздің жоғарғы оқу орнының НЦГОСТ өкілдерінің алдына қоятын бірінші ұсынысымыз.

Екіншіден, Әл-Фараби атындағы ҚАЗ ҰУ жетекшілігі осы оқу жылында тестілеу бөлімін құра отырып және профессорлық-оқытушылық құрамның индикативтік жоспарына пәндер бойынша кем

дегенде 300 тест тапсырмаларын дайындау бойынша арнайы пункт енгізе отырып мәселені дұрыс шешті.<sup>3</sup>

Біздің пікіріміз бойынша мұны ең алдымен ОЖСБ-га (ВОУД) шыгарылатын міндепті пәндер бойынша жасау керек. Жоғарғы оку орнының кафедра менгерушілерінен бұған ерекше назар аударуды және тест тапсырмаларын дайындаудың тиісті графигін қарастыруды талап ету керек. Сонымен қатар тиісті курстарда пәнді өту кезінде кезеңдік бақылауды міндепті тестілеу түрінде өткізген мақсатқа сай болар еді. Бұл пәнді менгерудегі жалпы тенденцияларды жедел анықтауға және кафедра және факультеттегі деңгейінде, сонымен бірге бүтіндей алғанда жоғарғы оку орнының деңгейінде өз уақытында басқарушылық шешімдерді қабылдауға жағдай жасайды. Бұл жағдайда міндепті пәндер бойынша тест тапсырмалары халықаралық құқық кафедрасында да және тестілеу бөлімінде де бар екнедігін, мұнымен қатар факультеттің бірнеше компьютерлік кластары түрінде тиісті материалдық база да бар екендігін айта кету керек. Тек арнайы бағдарлама мен оку орны жетекшілігінің осы бағыттағы тапсырмасы қажет. ОЖСБ-га шыгарылатын пәндер бойынша семестрлік емтихандарға қатысты айтارымыз, біздің көзқарасымызша ол емтихандар да кешенді сипатта болып, әдеттегі бағдарламалық сұраптартармен қатар тест сұраптараты да болуы керек. Мұндай бағыт бітіруші курс студенттерін алдын ала мемлекеттік аттестацияға бейімдеуге және оларды ОЖСБ-га дайындау кезіндегі артық жұмыстардың алдын алады. Оның үстіне тестілеу-студенттердің алған баллдарының шынайлығын жоғарылатады және қазіргі кездерде деканатта пайдалы сакталып жатырган жазбаша жұмыстардан шығатын бағаз бастылықты азайтады. Бұл біздің екінші ұсынысымыз. Үшіншіден, КР БФМ жетекшілігі талап етіп отырғаныңдай, оқытушылар жұмысының индикативтік жоспарында тест сұраптартын жеке авторлығы бойынша үш тілде дайындағаны үшін жоғары баллды қарастырган дұрыс болар еді. Және ол тесттерді оку процесінде міндепті түрде колданып көрсөннен кейін, тестілеу орталығының және кафедраның енгізу актісімен рәсімделген он қорытындысын алғаннан кейін ғана оку орнын мемлекеттік аттестациялау барысында бітіруші курсы кешенді тестілеу мақсатында қолдану үшін НЦГОСТ-қа жіберген дұрыс болар еді.

Төртіншіден, жоғарғы оку орнының тестілеу орталығы тестінің дайындаушылардан тест сұраптартын күрделілігіне қарай үш деңгейге: женіл, орташа және күрделі деп бөлуді ғана емес, сонымен қатар тестіге ұсынылған оку пәнінің тараулары мен тақырыптары бойынша да пайыздық қатынасын көрсетуді талап етуі керек. Егер мысалы біздің тестілерді алсақ, онда КР қылмыстық құқығының Жалпы бөлімнің тарауларына баса көңіл бөлуді ұсынамыз. Бұл студенттердің жауаптарын тиісті үлгілік бағдарламаның тараулары мен тақырыптарын менгеру дәрежесі бойынша пайыздық қатынаспен бағалауға жағдай жасайды.

Бесіншіден, 2015 жылы біздің жоғарғы оку орнындағы тестілеу тәжірибесін жариялай отырып, жоғарғы оку орындарындағы компьютерлік тестілеуді жүргізуін әдістемелері мен концепцияларын жетілдіру мәселелері және жолдары бойынша арнайы ғылыми-әдістемелік конференция өткізуі жоспарлау мақсатқа сай болар еді.

Алтыншыдан, тестілеу нәтижелерін бағалаудың шкаласы мәселесі жеке зерттеуді талап етеді. Біздің пікірімізше, қазіргі қолданыстағы бағалау шкаласы біршама жоғарылатылған және тестіленушілердің білімін нақты бағалап бере алмайтындей болып көрінеді. Жауаптардың 50 пайызы дұрыс болуы-пәнді қанағаттанарлық деңгейде білетіндігін көрсетеді. Тестілеу орталығына бұл мәселе туралы ойлану керек. Мұнымен қатар бағалау шкаласы тапсырманы орында алдында тестіленушілер үшін тікелей ұсынылған кіріспе бөлімнің міндепті элементі болуы керек. Тағы бір баға пайыздық түрде емес, студенттің өз нәтижелерін жақсартуға жақсы көрнектілік білдіретін бес балдық түрде болуы керек. Бұл жол полициясындағы жүргізуілік құқық үшін емтихан тапсырушыларға арналған тест тапсырмалары сияқты. Сонымен, біздің келтіріп отырған ұсыныстарымызды практика жүзінде іске асырғанда ОЖСБ бойынша тек алдағы түрған аттестацияларды жақсы нәтижелермен өткізуге болжам жасап ғана қоймай, сонымен бірге маңызды істердің бірі, жоғарғы оку орнының жетекшілігі, кафедра менгерушілері және оқытушылардың өздері де студент бакалаврлардың білім деңгейі және оку бітірушілердің сапасы туралы объективті мәлімет ала алады.

<sup>3</sup> См.: пункт 1.1.13 Разработка электронных тестовых заданий по дисциплинам (не менее 300 тестов на одну дисциплину).

<b>Момынкулов Ж.Б., Борибаева С.Б.</b>	
Методические и практические рекомендации по формированию у выпускников необходимых деловых компетенций и психологических навыков .....	205
<b>Морозова Т.А.</b>	
Специфика проблемного обучения будущего специалиста-социолога в вузе .....	210
<b>Мукашева А.Б.</b>	
К вопросу подготовки педагогов-психологов к деятельности в профильной школе .....	213
<b>Мукашева Т.Д., Игнатова Л.В., Бержанова Р.Ж., Сыдықбекова Р.К., Савицкая И.С., Кистаубаева А.С.</b>	
Компетентностно-ориентированное обучение по специальности «биотехнология»: опыт внедрения инноваций .....	216
<b>Мулдагалиева И.Х., Медведева Е.С.</b>	
Методологические подходы к формированию экологической компетенции.....	219
<b>Мулдагалиева А.А., Окушева Г.Т.</b>	
Компетентностная модель владения иностранным языком студентов неязыковых специальностей .....	223
<b>Мун Г.А., Мангазбаева Р.А., Абилов Ж.А.</b>	
Инновационный научно-образовательный кластер и становление постиндустриального общества .....	226
<b>Мустафина А.К.</b>	
Особенности развития обучения в модульно-компетентностном формате.....	230
<b>Мухтарова К.С., Ахметова З.Б., Джуглаева А.М.</b>	
Компетентностная модель выпускника экономического факультета: проблемы и пути развития обучения.....	234
<b>Ниязгулова А.А.</b>	
Модернизация научного базиса журналистского образования.....	236
<b>Нурбекова Ж.А.</b>	
Исследовательская и проектная деятельность студентов: общие черты и различия.....	238
<b>Нурдавлетова С.М.</b>	
Положительные и отрицательные стороны присоединения Казахстана к Болонскому процессу .....	240
<b>Нұрахметов Н.Н., Ниязбаева А.И., Далябаева Н.С.</b>	
Болашақ химик мамандарды модульдік-құзіреттілікті оқыту мүмкіндіктері .....	245
<b>Омарова Ш.Б., Ломаченко Н.Л.</b>	
Компетентностный подход в обучении студентов.....	247
<b>Пузиков М.Ф.</b>	
К вопросу о совершенствовании учебно-воспитательного процесса в условиях Глобализации (теоретико-методологический аспект) .....	250
<b>Романова С.М., Рыскалиева Р.Г., Казангапова Н.Б.</b>	
Формирование информационной компетенции студентов при обучении курсов «Теоретические основы неорганической химии» и «Химия элементов» .....	254
<b>Рысбекова Ш.С.</b>	
Повышение качества дипломного проектирования на базе совершенствования научно-исследовательской работы студентов.....	257
<b>Сайтова Н.А.</b>	
Реализация компетентностного подхода в политическом образовании .....	260
<b>Салханова Ж.Х.</b>	
Компетентность как цель и результат образования .....	262
<b>Самалдыков М.К., Эпенов С.М.</b>	
Тестілеу жөгөры оқу орындарындағы оқу процесі технологияларының осы заманғы бағыттарының бірі ретінде және Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығы бойынша оны жетілдірудің өзекті мәселелері. ....	266
<b>Сандықбаева Ә.Д.</b>	
Қазақ халқының үлттық мәдениетіндегі тіл мәртебесі .....	270
<b>Сансызаева Х.Н.</b>	
Опыт использования компетентно-модульного подхода в системе образования.....	272